Қазіргі таңда ғаламтор жастардың айналасына бір бөлігіне айналғандай десек, артық айтқанымыз емес. Жастардың басым көпшілігін сыртқы орта, айналасы, ата-анасы, достары, оқу мәселесі қызықтырмайтын деңгейге жетті. Олар ғаламторға сүйеніп, кітап оқуды, ізденуді қойған. Көбіне ғаламтордағы дайын рефераттар мен зерттеулерді пайдаланады. Тіпті кішкентай сәбилер де ұялы телефонға ғана жұбанатын

болды. Ал бұл буыны бекімеген перзент үшін қаншалықты зиян екенін білесіз бе? Жас балдырғандарымыздың осы компьютердің, ұялы телефонның кесірінен тәй-тәйлап қадам басқаннан-ақ көзілдіріктің көмегіне жүгініп жатқаны қынжылтады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсерін тигізіп қана қоймай, баланы түрлі ауруларға шалдықтырады. Сонымен қатар компьютердегі түрлі-түсті, «тартымды» ойындар баланың психикасын бұзып, ойлау қабілетін тежейді. Көбіне мұндай балалар социумда өз орнын таба алмайды, тұйық болып өседі. Айта берсек аталмыш заманауи құрылғылардың зияны көп. Дегенмен заманына қарай адамы, адамына қарай қадамы, бізге бұл тиімділіктердің бәрі керек те шығар, егер жөнімен, орнымен, уақытымен қолданылса?!
болды. Ал бұл буыны бекімеген перзент үшін қаншалықты зиян екенін білесіз бе? Жас балдырғандарымыздың осы компьютердің, ұялы телефонның кесірінен тәй-тәйлап қадам басқаннан-ақ көзілдіріктің көмегіне жүгініп жатқаны қынжылтады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсерін тигізіп қана қоймай, баланы түрлі ауруларға шалдықтырады. Сонымен қатар компьютердегі түрлі-түсті, «тартымды» ойындар баланың психикасын бұзып, ойлау қабілетін тежейді. Көбіне мұндай балалар социумда өз орнын таба алмайды, тұйық болып өседі. Айта берсек аталмыш заманауи құрылғылардың зияны көп. Дегенмен заманына қарай адамы, адамына қарай қадамы, бізге бұл тиімділіктердің бәрі керек те шығар, егер жөнімен, орнымен, уақытымен қолданылса?!



Теріс ағымға жол бермейік!

Гүлдана ӘБДІБАЕВА,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 4-курс
студенті

Діни терроризм бұл – жалғыз Қазақстан емес, жалпы жаһан зардабын тартып отырған түйткілді мәселе. Ананы баласынан айыратын, елінен безіндіретін бұл жат ағым бүгінде біздің айықпас дертімізге айналып отыр.

2015 жылы 224 адамның өмірін жалмаған әуе апаты Мысыр елінің маңайында болған еді. 31 қазанда Шарм-эш-Шейх әуежайынан Санкт-Петербург қаласына бет алған «Когалымавиа» компаниясының әуе кемесі 22 минуттан соң жерге құлады. Ұшақтың қара жәшігін зерттеген мамандар апаттың соңғы сәтіне дейін ешбір келеңсіздіктің болмағанын, тек соңғы секундында ғана белгісіз гүрілдің естілгенін айтады. Тек әуе кемесі қалдықтарының 30 шақырымға дейін шашылуы көңілге күмән ұялатты. Airbus-321 қалдықтарын тұтастай зерттеудің нәтижесінде, ұшаққа бомба қойылғаны мәлім болды. Ресей Федералды қауіпсіздік қызметінің директоры Александр Бортников таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, қолдан жасалған жарылғыш заттың қуаты 1,5 келі тротилге теңестірілген. Бомба

әуеде жарылғандықтан, ұшақ қалдықтары жан-жаққа шашырап кеткен. Ұшақтың артқы бөлігіне орнатылған таймерді тапқан мамандар ресейліктерді террористер жарып жіберген деген шешімге келді. Артынша, тұщымды ақпарат бергендерге көршілеріміз 50 млн. АҚШ долларының көлемінде сыйақы тағайындаған. Ізінше, осы іске қатысы бар деген күдікпен екі адамның Мысырда құрықталғаны мәлім болды. Сондай-ақ, Париж маңайындағы Сен-Дени қаласында 5 содыр тәртіп сакшыларының көзіне түсіпті. Олардың бірі окка ұрша, енді бір әйел өзін-өзі жарып жіберген. Қалған үшеуінің қолына кісен салынды.

Дәл осы жылдың 14-ші қарашасында Парижде болған қастандықтың салдарынан 127 адам қаза тапты. 200-ге жуық адам жараланған. Француздарға жасалған қиянатты барша адамзатқа жасалған қастандық деп қабылдаған әлем жұрты терроризммен бірлесе күресу қажеттігін алға тартты. Әр мемлекет қайғырып көңіл айтып, көмек көрсетуге тырысты. Алысын айтпағанның өзінде, ТМД көлеміндегі елдер Франциямен бірге қайғырып жатқанын білдіріп, сол елдің жалауын желбіретті. Украина, Ресей, Мысыр, Англия, Германия іспетті мемлекеттер белді деген

ғимараттарын француздың үш түсті жалауына бояп, қайғысына ортақтасты. Ал, америкалық әскерилер «Францияға деген махаббатпен...» деген жазуы бар бомбаларын Таяу Шығысқа аттандырды. Ресей мен Францияға жасалған қастандық әлем жұртшылығын терроризмге қарсы біріктірді.

2016 жылдың 5 маусымында Ақтөбеде болған қанды оқиға, жан түршігерлік теракт та ел есінде. Туған жеріміздің қазіргі ахуалы: «Ақтөбеде барлығы 66 мешіт бар. Ондағы кадр тапшылығы түбегейлі шешімін тапты. Нақтырақ айтқанда, өткен жылы облысқа 16 діни маман қызметке тартылды. Ал биыл бұл көрсеткіш 24-ке көбейді. Нәтижесінде, екі жыл ішінде қатарға 40 діни маман қосылды. Қазір облыс мешіттеріндегі барлық діни қызметкерлер саны – 105. Оның 63-і жоғары және орта білімді мамандар. Бұған дейін діни қызметкерлердің үлесі 45,2 пайыз ғана болса, енді бұл көрсеткіш 60 пайызға көтерілді», - дейді ҚМДБ-ның Ақтөбе облысы бойынша өкіл имамы, облыстың орталық «Нұр ғасыр» мешітінің бас имамы Төлеби Оспан.

Біз мәселенің тек салдарымен күресіп жатқандаймыз. Ал себеп шетте қалып жатыр. Күннен-күнге, өкінішке орай, дінімізді сан тарауға

бөліп алған діни ағымдардың қатары артып барады. Бұған интернет жүйелерінде жарияланып жатқан бей-берекетсіз материалдар мен телеарналардан көрсетіліп жүрген атыс-шабысқа, зорлық-зомбылыққа толы фильмдердің әсері, көшелерде еш қараусыз сатылып жатқан түрлі діни кітаптар мен кітапшалардың, шет елдердегі діни оқу орындарынан білім алушылардың кереғар уағыздарының және ең бастысы – жастардың діни сауаттылығы мен жұмыссыздықтың ықпалы болып отырғанын айтуға тиіспіз.

Дінге толық таныммен келмеу, діннің ара-жігін ажырата алмау ең алдымен жастардың арасында белең алуда. Сонымен қатар оқуын аяқтаған жас түлектердің жұмыс таба алмай сенделуі, дипломының сандықтың түбінде қалуы, жастардың қоғамнан өз орнын таба алмауы террористер үшін үлкен мүмкіндік. Өйткені, олар жеке тұлғаның әлсіз тұсын пайдаланып, жеңіл-желпі кәсіп ашып беріп, құлағына теріс бағыттағы уағыздарды құю арқылы индивидтің психологиясына әсер етеді. Көп ұзамай көлік те мінеді, баспаналы да болады, сақалды өсіріп, балақты қияды. Ал, қателігін түсініп, кері қайтайын десе шығарға жол таба алмай, алған затының құнына шек бол-

май, аһ ұрып, айтқандарына көндігіп кете барады. Осы орайда елімізде жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілетіні мәлім. Әсіресе, мектеп оқушыларының арасында бұл мәселе кеңінен талдануда. Өйткені, жасөспірімдердің діни сауаттылығы – экстремизмсіз қоғам қалыптастырудың алғашқы қадамы. Сонымен қатар елімізді жат ағымның зардабынан сақтап қалу үшін қолданыстағы дінге қатысты заңдарды мейлінше күшейту керек.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде «Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертең бірлігімізге сызат түседі. Егер елімізде нағыз таза мұсылман, Құранның жолымен жүретін халық көп болса елде береке, бірлік тыныштық болады», - деп атап өткен. Өз дінімізді биіктету де, өзге діннің жетегіне еріп кету де әркімнің өз жігеріне, сана-сезіміне, адамгершілігіне байланысты. Абай ағамыз: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - деген. Алла бізді теріс наным-сенімдерден сақтасын!

Зоопарк "Теремок"

Виктория АВГУМБАЕВА,
студентка 1 курса
ГСФ специальность
«журналистика»

В Костане нет большого городского зоопарка, однако есть альтернативная замена-контактный зоопарк "Теремок". Дети и взрослые получают массу удовольствия, потому что посещая этот мини-парк, можно не просто любоваться животными, но и фотографироваться с ними, а многих даже брать на руки. Особенно он популярен среди семей с маленькими детьми. Всем известно, что контакт с животными положительно влияет на психологическое состояние человека.

— Летом в парке выставляли в небольшом деревянном теремке животных и поняли, что у людей, особенно у детей, есть потребность в том, чтобы познакомиться с животными и птицами поближе, потрогать их, поговорить с ними, — говорит директор контактного зоопарка Елена Юрьева. — Так и пришла идея открыть контактный зоопарк.

Странники и любители животных обратились в администрацию города с просьбой о выделении помещения. Эти просьбы были услышаны руководством области, так появился отдельный зоопарк. Пока это небольшое помещение в котором обитают только животные средних размеров: декоративные кролики, лисички обыкновенные, хомяки, каймановые кро-

кодилы и другие виды. Однако планы у хозяев зоопарка наполеоновские. Зверинец только в этом году поменял свое местоположение, теперь он расположен в торгово-развлекательном центре Цум на 4 этаже здания. После оплаты входного билета, стоимостью 1500 тенге, вы можете неограниченное время провести в зоопарке, но при этом стоит учитывать график работы зоопарка, то есть с 10 утра до 8 вечера.

На входе посетителей встречает добрый пес по кличке Бинго. С виду он похож на игрушечного — белый с черными полосками окрас, мелкие кудряшки, висюльки уши, глаза-пуговики. Но пес более чем живой, он прыгает, встает на задние лапы, просит, чтобы его погладили. Фотографируются с собакой практически все посетители.

— Это — пудель, — улыбается руководитель зоопарка. — А выглядит он так необычно, потому что мы регулярно водим его к парикмахеру. Пес очень добрый, мы часто забираем его домой, купаем, дети с ним играют.

Помещение делится на два зала. В первом расположена основная часть террариумов, клеток и загонов с животными. Здесь можно увидеть два больших загона огороженных заборчиком, в котором живут карликовая козочка по имени Шанель и скунс обыкновенный, оба этих животных очень активны и всегда подходят первыми к посетителям, дают себя

поласкать и конечно же ждут вкусных угощений.

Настоящим хозяином себя чувствует дрессированная обезьяна по кличке Тимоха. Это животное важно себя ведет, ест отборные фрукты, овощи и ягоды, красиво выложенные на подносе, носит самую разную одежду и очень четко выполняет команды, разумеется за вознаграждение в виде всяких угощений.

Рядом в террариуме разместились королевский питон. Но он совсем не агрессивный, его можно взять на руки, обмотать вокруг шеи и позировать для фотографий. Интересно, что юные посетители сначала побаиваются питона и не подходят, но немного привыкнув к животным, вновь ведут родителей к нему и хотят погладить.

Но первым делом дети бегут к кроликам — рыжему вислоухому и белому декоративному. Эти животные приветливые, совсем ручные и мягкие. С ними получаются чудесные фотографии.

А увидев лысых морских свинок Скинни, которых в народе называют бегемотиками за их поразительную схожесть с настоящими бегемотами, дети делают большие глаза и задают вопрос: «Кто это?». Эти животные очень шустрые, пищат, в руки не даются. Но поймать их все же удается, хотя они очень сопротивляются и дрыгают задними лапками. Самых маленьких посетителей это приводит в восторг. Инте-



ресно наблюдать за белками — Досей и Бусинкой. Бусинка бежит по клетке не уставая, показывая себя и свой пушистый хвост во всей красе, а когда утомится, растягивается на камне. Дося же наоборот — очень спокойная. Живет в зоопарке и енот с красивым именем Виктория. Сейчас она не рада посетителям, потому что только начала отходить от зимней спячки.

— Мы ее будим, чтобы покормить, она должна шевелиться, — говорит Елена. — Но трогать не разрешаем, так как животное спит и от неожиданности может укусить.

Обитает там и интересное семейство ежей — два белых и обыкновенный. Белых регулярно купают, уж очень любят эти смешные животные водные процедуры. А совенка в мини-зоопарк принесли с подбитым крылом. Елена его вылечила, и теперь птица живет в своем маленьком живом уголке и даже без клетки. Сова гордо восседает на де-

реве и очень дружит с белками, хотя в живой природе такое невозможно. Также в мире и дружбе живут морские свинки, шиншиллы.

Самым грозным животным в зоопарке является крокодил. Им можно только любоваться. Специально для него и варана вырощивают мышек, они ими с удовольствием питаются.

— У нас все животные выловлены не в дикой природе, как думают многие люди, они взяты в специальных питомниках и уже приспособлены жить с человеком, более того, если их выпустить, то на воле они погибнут, — объясняет Елена. — Тут у них есть еда, причем качественная, мы за этим следим. Даем витамины, лечим, ухаживаем, часто выезжаем на плановые проверки к ветеринарам, каждый день проводится чистка вольеров животных. Мы хотим привезти больше животных, но пока не позволяем помещению. Например, у нас есть павлин, но он издает такие громкие

звуки, что это не понравится соседям. Нам очень нужно отдельно стоящее здание. И тогда в городе появится настоящий зоопарк.

Пополнять мини-зоопарк руководитель все же планирует. Уже готов аквариум для рыб, ожидают прибытия хамелеонов, а также намерены привезти бабочек, чтобы дети видели весь процесс появления этих существ.

Мини-зоопарк пользуется спросом, сюда дети с радостью приходят и находят общий язык с животными. Елена Юрьева вместе со своими сотрудниками Ириной Бессабар и Владиславом Карпухиным собираются запустить акцию для всего Костаная под названием "Оторвись от планшета!", суть которой заключается в непосредственной пропаганде контактного зоопарка и его жителей, но самое главное сотрудники зоопарка хотят привить любовь к нашим братьям меньшим, тем самым потихоньку воспитать поколение любящих и охраняющих природу.

Телефонное рабство

Ксения ЛЕБЕДЕВА,
студентка 3 курса ГСФ
специальность
«журналистика»

С недавних пор неумолимо развиваются технологии, с одной стороны это прогресс, а с другой — стали появляться всё новые и новые зависимости. Каждый из нас, наверняка, ловил себя на том, что если выдалась свободная минутка, мы открываем любую социальную сеть, просматриваем ленту, фотографии, ставим виртуальные сердечки... Не так ли?

Представьте себе ситуацию, вы забыли мобильный телефон дома, или же в автобусе в самый неподходящий момент — момент публикации фотографии села батарея. Что же делать? Без телефона как без рук. Если у вас появилось чувство невосполнимой потери, друзья, можно поставить вам диагноз: у вас Номофобия — телефонное рабство.

В наше время имеются как более «старомодные» фобии, например боязнь темноты, высоты, насекомых, так и страхи, которые стали появляться с приходом высокотехнологичных приборов. Номофобия — это ни с чем ни сравнимый страх цивилизованного человека остаться без своего мобильного телефона. А ведь, правда, смартфон стал занимать большую часть нашего времени. Пора избавиться от самой вредной привычки XXI века — не выпускать телефон из рук — и начать жить в реальном мире.

Неудивительно, что люди оказались в растерянности: они не выпускают телефоны из рук, но в то же время чувствуют себя несчастными, осознавая, сколько времени и внимания тратят на них. Многие пользователи смартфонов не могут

выполнять работу вдумчиво и продуктивно, наладить отношения с другими и жить полной жизнью. Исследователи доказали, что, если в поле нашего зрения будет находиться телефон, мы будем обращать меньше внимания на окружающих, а разговоры будут более поверхностными. Когда мы знаем, что есть возможность отвлечься, мы не видим смысла в общении с кем-то на более глубоком уровне.

В настоящее время официально заболеванием как Номофобия не зарегистрировано, но тем не менее многие исследователи заявляют, что зависимость от социальных сетей, зависимость от гаджетов является одним из патологических явлений нашей психики, которая имеет место быть. Взарубежных странах, частности Японии и США существуют специализированные клиники, которые занимаются подобного рода зависимостями (или заболеваниями).

Если вы обнаружили у себя или близкого человека зависимость от мобильного телефона, то это повод задуматься. Но даже если вы не нашли у себя симптомов номофобии, обратите внимание на обилие гаджетов в своей жизни и сделайте выводы. Давайте жить здесь и сейчас.



«Безвредное» удовольствие

Асем АГИБАЕВА,
студентка 3 курса ГСФ
специальность «журналистика»

Почему кальяны, имеющие вековую историю, получили популярность именно сейчас? А споры о вредности курения кальяна приобрели весьма гневный характер, где один лагерь это — патриоты, утверждающие, что данное курение весьма безобидное увлечение, а его демонизация сильно преувеличена. Второй же лагерь — активисты, пытающиеся опровергнуть эту информацию и доказать, что дым от кальяна гораздо вреднее курения сигарет. Так почему люди, а в частности молодежь, склонны посещать курительные заведения, а еще больше защищать эту «безвредную привычку»?

Кальяны, пришедшие к нам из восточных стран, стали словно «опиумом» для народа. Так, в городе Костанай насчитывается свыше 29 кальянных заведений, имеющих постоянных клиентов в лице молодых людей. Проводя опрос в социальных сетях и в группе, я попыталась выяснить отношение студентов к курению кальяна. Оказалась 80% опрошенных положительно относятся к данному явлению и убеждены в его безвредности. Остальные 20% крайне негативно относятся на этот «курительный бум». А на вопрос, почему молодые люди посещают данные заведения, оказался крайне прост — «это недорогое удовольствие, которое мы можем себе позволить, так как средняя цена на кальян базируется около 3500 тысяч тенге. В таких местах хорошо собраться с компанией друзей, здесь можно просто поболтать или поиграть в игры, плейстейшн, заказать напитки, которые также недорого обойдутся, а в

некоторых кальянных даже работает кухня. Да и к тому же, был бы кальян вреден как его везде принято описывать, то у всех бы нас были те жуткие легкие, как из картинок на упаковке сигарет».

Некоторые из опрошенных даже признаются в том, что ежедневно употребляют кальян и ничего пугающего с ними не происходит. За всей правдой я решила обратиться к одному из экспертных мнений, онкоторакальному хирургу Аркадию Высоцкому, который утверждает так:

— Сравнить вред от курения сигарет и кальяна — все равно, что сравнивать с какого этажа лучше прыгать — с 12-го или с 7-го. Ну да, высота меньше, но что это дает? Я говорю об этом, чтобы люди не питали иллюзий: не бывает полезного курения. Весь этот дым — это загрязнители, которые вызывают проблемы со здоровьем. И совершенно неважно, как попадает дым в ваш организм — он вредит одинаково. Дело в том, что от продуктов сгорания разрушаются бронхиолы, своеобразные перегородки в легких. Альвеолы, в которых и происходит газообмен, увеличиваются в размере, а значит — легочная ткань гибнет. Доказано, что на разрушение этих перегородок (эмфизема легких) напрямую влияют продукты сгорания. Второе важное последствие от любого вдыхания дыма — развитие хронического бронхита: реснитчатый эпителий, которым выстлан дыхательный тракт, постоянно раздражен. Поэтому не обольщайтесь. За удовольствие нужно платить, и в этом случае — собственным здоровьем. Животные И теперь только задумайтесь, насколько безопасно это «недорогое удовольствие» и готовы ли вы осознать и принять правду того, что это «бомба замедленного действия»

Пай, пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай!

Айшолпан БАЯНБАЕВА,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 2-курс
студенті

«Қызым-келіннен, ұлым-елімнен гибрат алып өседі» деп ұрпағынан жақсылық күтетін халықпыз. «Қыз бала жат жұрттық» дегенді де атам қазақ бекерге айтпаған. Жас қыз ертең-ақ бойжетіп, бір үйдің табалдырығын келін болып аттары сөзсіз. «Келіннің аяғынан...» деп барған жері жас келінге сын көзбен қарайды. Отбасындағы әже, аналарынан тәлімді тәрбие алған бойжеткен барған жеріне «тастай батып, судай сіңіп», ауыл-аймаққа кадрлі болуы керек. Бір әулеттің түтінін түтетіп, шаңырағын шайқалтпау – үлкен жауапкершілік. Мұны келін болатын болашақ қыздарымыз терең сезінулері қажет. Жас келіннің көтерер жүгі қашан да ауыр. Қайын ата,

қайын ене, қайын сіңілі, қайын інілерімен тіл табысу да шеберлікті қажет етеді. «Ертеңгі күні келін, ерін сыйлар адал жар, ақыл айтар жеңге, тату болар абысын» деп ұлттық тәрбиені қыз баланың өн бойына дарыта білу оңай іс емес. Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан кешегі Домалақ ана, Зере мен Ұлжан аналарымыздың салып кеткен сара жолы. Жаңа шаңырақтың табалдырығын аттаған келіндерді ата-бабаларымыз құрмет тұтқан. Оларды өз ұрпағын өрбітіп-өркендетіп, кеңейтуші ырысы, құт-берекесі санаған. Егер жас келін өз басының тазалығымен қоса қазан-аяғын мұнтаздай таза ұстаса, өзі он саусағынан өнері тамған ісмер, бармағынан бал тамған аспаз болса, нұр үстіне нұр. Ондай келіні бар үй көпке үлгі, ауылға сыйлы болады, үлкендер құрмет

тұтып, жастарға үлгі етеді. Келіннің жаңа жерге келуі, сол ортаға үйренісуі, көп жағдайда, сол үйдің мүшелеріне де байланысты. Келгеннен-ақ құшақ жая қарсы алып, оң қабақ танытып, білместігіне кешіріммен қарайтын болса, келін әулетке тез сіңіп кетеді. Бұл жолда өзінің өмірлік тәжірибесі, көрегенділігімен жас келінге үлгі болар ененің де үйретер тәлім-тәрбиесі мол болмақ. Ене мен келіннің арасы бір-біріне деген құрметпен өрілуі керек. Келінді қызындай көріп, енесін анасындай көретін ұлағатты қарым-қатынас киелі босағаның беріктігінің кепілі. Қандай дәстүр болмасын атам қазақтың дүниетанымына, салт-санасына сай қалыптасқан болуы шарт. Дәстүрлі тәрбие мектебі осылайша жалғаса бермек. Бұл – ғасырлар бойына қалыптасып келе жатқан өмір заңдылығы, тіршілік сабақтастығы.



«Цифрлық Қазақстан»



Ерғали ҚҰРБАНБЕК,
Ақпараттық техно-
логиялар факультетінің
3-курс студенті

Қазіргі таңда қоғам үздіксіз дамуда. Бұл үрдіс бәсекелестіктің арқасы. Жаһандық дамуда бәсекеге қабілеттілік – ең басты қару. Дәуіріміздегі жаңа жаһандық қатерлерге қарсы мемлекеттік бәсекелестікті арттыру арқылы кез-келген мемлекет жаңа индустрияландырудың ғаламдық үрдісіне қосыла алады. Осы ретте көптеген дамыған елдердің мысалын қарастыра отырып, экономиканы ынталандыру үшін жаңа технологиялар енгізудің маңызын сеземіз. Яғни соңғы жылдары шапшаң дамып жатқан интернет саудалары, энергоүнемді желілер, транзакцияларды жүзеге асыру бағытындағы мобильді қосымшалар және тағы басқалары ең үлкен басымдылыққа ие болып отыр. Ендеше, бәсекеге қабілеттіліктің өзегі де осында. Елімізде де бүгінде цифрлық технологияны қолдану аясы кеңеюде. Қазақстан Республика-

сы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз», - деп атап өткен болатын. Осыған орай Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қолдануды тапсырған болатын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг сияқты тағы да басқа цифрлық қызмет көрсету бағыттарын денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолдану және басқа да перспективалы салаларды дамыту болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға негізделген. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудың 4 бағыты бар: 1. Ауыл - аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру; 2. Экономиканың салала-

рына (көлік және логистика, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны ендіру; 3. Мемлекеттік органдардың жұмысының сапасын арттыру; 4. IT мамандарды даярлау. Бұл бағдарлама сонымен қатар денсаулық сақтау, білім беру салаларында да, тау-кен ісі, ауыл шаруашылығы, жалпы алғандағы еліміздегі барша өнеркәсіп саласы мен барлық қызмет көрсету салаларында қолданысқа енгізілді. Атап айтсақ, мектептерде қазіргі таңда электронды күнделік қолданыста. Сонымен қатар мұғалімдердің барлық сабақ жоспарларын және жұмыс есебін электронды түрде тапсыруға мүмкіндік туып отыр. Өз басым Елбасының ақпараттық технология саласына көңіл бөліп отырғанын қолдаймын, себебі қазір дамыған елдердің барлығы дерлік автоматтандырылған басқаруды қолдануда. Бұл дегеніміз – техника арқылы басқару. Олай болса, менің таңдаған мамандығымның келешегі зор.

Қүміс көмей, жез таңдай



«Жез таңдай» деген теңеуге әбден лайық. Гауһардың дауысының зорын Игорь Крутойдың Лара Фабианға арнап жазған «Мама моя» әнін шырқағанда байқауға болады. Өткен концерттердің бірінде залдағы көрермендердің жүрегін елжіретіп, көздеріне жас алғызды. Дауысының көркемдік бояуы сан түрлі тумалық талант иесіне көрсетілген қошемет те зор болды. Атам қазақ әуелден-ақ «қызға қырық үйден тыйым» деп қыз баланың жүріс-тұрысына ерекше мән берген. Біздің Гауһар инабаттылығымен, жүріс-тұрысымен ерекшеленеді. Атына заты сай гауһар тастай жүзінен нұры төгілген, нәзік, ата-анасының ерке қызы. Өнші қыздың бүгінгі өзінде жеткен жетістіктері аз емес. 2016 жылы өткен Халықаралық «Алтын микрофон» байқауында, Халықаралық «Бозторғай» байқауында Қостанай облысының беделін көтеріп, екі байқауда да 1-орынды иеленді. Өткен жылы Санкт Петербургте өткен «Путь к звездам» атты халықаралық байқауда Эстония, Литва, Латвия, Россия, Италия, Болгария, Португалия т.б. елдердің жас әншілерінен асып түсіп, бас жүлденің иегері атанды. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай облыстың өркендеуіне өз үлесін қосқан 25 жастың тізімі жасалды. Бұл қатарда Гауһар да бар. Ол Қостанай облысы әкімінің алғыс хаты мен арнайы сыйлығын алды. Талантты қыз спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанады. Киімдерден композиция құрағанды ұнатады, сән әлеміндегі соңғы жаңалықтарды қалт жібермейді. Ұтымды деген образдарды сахнада қолдануға тырысады. Джаз, инди, классикалық стильдегі әуендерді тыңдайды. Жасы оң сегізге енді ғана толған дорабоздың шығар биігі әлі алда. Ал біз соған тілектеспіз!



Гауһар Рүстемқызы – шетел филологиясы мамандығының бірінші курс студенті, алтын белгі иегері, үш тілді бірдей меңгерген әнші қыз. Ол оқу орнында өте белсенді. Гауһар университеттегі барлық іс-шараларда ән шырқайды. «Күміс көмей,

«Серпін-2050» – үлкен мүмкіндік



Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясының шеңберінде 2014 жылдан бері «Серпін-2050: Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жоба жұмыс жасап келеді. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті 2015 жылдан бастап «Серпін-2050» жобасын іске асырушы жоғары оқу орны ретінде белгіленген болатын. Қазір оқу ордасы ауылшаруашылық, ветеринария, ақпараттық технология және техникалық мамандықтар бойынша серпіндіктерді қабылдайды. Серпіндік студенттерге қандай артықшылықтар мен мүмкіндіктер ұсынылғаны жайлы ақпараттық технологиялар факультетінің студенті Ерғали Құрбанбекпен сұхбаттастым.

-Ерғали, оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын! 3-курсты тәмамдадың, сен үшін өткен жыл табысты болды ма?

-Рахмет, өткен оқу жылы мен үшін өте табысты болды деуге болады. Түрлі ғылыми жобалар мен конференцияларға

қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Сонымен қатар «Жас қыран» талантты студенттердің жинақ кітабына есіміменді.

-Құттықтаймын! Білуімізше, сен университетімізде «Серпін-2050» жобасы бойынша білім алып жатырсың. Бұл әлеуметтік жобаның мақсаты айқын. Сенің ойыңша нәтижесі қандай болмақ?

-Елбасының бастамасымен іске асырылып жатқан жобаның нәтижесі бәріміздің көңілімізден шығады деп ойлаймын. Еліміздің солтүстігінде өзге ұлт өкілдері көбірек шоғырланғандықтан орыс тілінің үстемдігі жоғарырақ. Ал оңтүстік аймақтардың халқы қазақ тілді екені белгілі. Басты саясат – солтүстік өңірлердегі қазақтардың санын көбейту, нәтижесінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, яғни мәртебесін көтеру деп есептеймін. Сондай-ақ отандық индустрия саласының қарыштап дамып жатқан кезеңінде жастарға берілген мүмкіншілік, серпіліс деуге болады. Еліміздің болашағының нық, әрі сенімді болуы осы атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі деп білемін.

-Алғаш оқуға түскен кезің есінде ме? Қостанайға келгендегі алғашқы әсерің туралы айта кетсең.

-Әрине есімде (күлді). Қостанайда біздің жақтағыдай емес, жайбасар тіршілік екен. Менің ауданымда таңғы бестен өмір қызады, автобус адамдарға лық толы, жұмысқа, оқуға жету көп уақытты алады. Қостанайда мүлдем басқаша, еш қиналмай дйттеген жеріңе жетуіңе болады. Бір қызығы, автобустарда кондуктор жоқ, аялдамаларда асықпай тоқтап тұрады (жымиды).

-Қостанай ұнады ма? Неліктен таңдауың дәл осы қалаға түсті?

-Сөзсіз ұнады. Тіпті ауа райының алты ай қысына да біршама үйреніп қалдым. Аумағы жағынан кішігірім болса да әсем қала. ҰБТ тапсырып, грантқа өтініш жазарда «Серпін» бағдарламасына үміткер болуды ойламаппын. Құжатта Орал қаласы мен Қостанайды белгіледім. Алланың қалауымен мен таңдаған мамандық Ахаң атындағы



университетте болды. Осылайша мен серпіндік студент атанып шыға келдім.

-Университеттің көптеген іс-шараларында бой көрсетіп, белсенділік танытып жүрсің. Жеткен жетістіктерің көп шығар?

-Студент атанған күннен бастап озат болуды қаладым. Университет өткізген шараларға үнемі қатысуға тырыстым. Жайдарман клубының мүшесі атандым, команда жасақтап, түрлі ойындар көрсеттік, жүлделі орындарды да иелендік, «Үздік жайдарманшы» атағына ие болдым. Сондай-ақ былтырғы жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан «Мәңгілік ел жастары» саяси клубының ұйымдастырушысымын. Мұнда біз елдегі саяси жаңалықтарды талқылаймыз, факультеттерде кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткіземіз. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттегі маңызды мәселелер студенттердің назарынан тыс қалмайды, жастар өз ойын ортаға салуға әрқашан дайын.

-Керемет. Бұл бір жақсы бастама екен. Бағындырған белестерің үшін кімге алғыс айтар едің?

-Осы оқу ордасындағы жетістіктеріміңіз

барлығы алдымен Алланың көрсеткен нығметінің арқасы болса, екінші ардақты оқытушыларымың еңбегі. Әсіресе тобымыздың кураторы Нүрпейісова Жанар Сембайқызының орны ерекше. Ол кісі шәкірттеріне көмегін аяған емес, әр бастамамызды ақыл-кеңесімен толықтырып отырады.

-Бір жылдың шамасында қолыңа диплом алып, маман атанасың. Болашаққа жоспар қандай?

-Магистратураға түсем деген ой бар және заңгер мамандығын таңдасам ба деймін. Қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысып жүргендіктен болар саясатқа бет бұрғым келеді. Бұл біз құрған «Мәңгілік ел жастары» клубының әсері де болуы мүмкін.

-Алға қойған мақсатыңа жетуіңе тілектеспін! Қандай саланы таңдасаң да беделді маман боларыңа сенімдімін!

-Рахмет!

Сұхбаттасқан Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,
ГӨФ Журналистика
мамандығының 2-курс студенті



Алмас БАЙДРАХМАН,
ГӨФ Журналистика мамандығының 3-курс студенті

Жадыра Жолмұхаметова – ҚМУ-нің түлегі, қазір info7mburo.kz мультимедиялық ақпараттық-аналитикалық порталының тілшісі. Оған дейін оқу орнының Медиа-студиясында менеджер-дизайнер қызметін атқарған.

Біздің түлек

-Мына заман - бәсекенің заманы. Жалпы бәсекелестеріңіз көп пе?

-Егер сен ешкімнің көзіне көрінбейтін, еш нәрсеге ұмтылмайтын, тек осы сәтпен өмір сүретін адам болсаң, әрине, сенің бәсекелестерің де, көре алмаушыларың да болмайды. Адамның бәсекелестері ол алға қарай жүріп, оның тасы өрге домалаған кезде пайда болады. Адам бақ деген дүниені біліп, бірақ бақпен таласпаған кезде ғана бақытты болады. Негізінде бәсекелестердің болғаны да жақсы. Олар бізді күшті болуға жетелейді. Адам өзінің жоспарлап отырған дүниесін, қуанышын ешкімге айтпауы қажет. Сол нәрсе орындалғаннан кейін көрсетуі керек, өйткені көре алмаушылар көп. Қасиетті Құранда әрбір істің өз көреалмаушылары бар делінген. Мен өзімді керемет таза адаммын деп айта алмаймын. Менің де қателіктерім, кемшіліктерім бар. Сондықтан, мен әлі де сол қателік, кемшіліктермен жұмыс істеудемін.

-Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журналистика кафедрасының жұмысын қалай бағалайсыз?

-Менің университет қабырғасынан түлеп шыққаным бірнеше жыл болды. Осы жылдарда көптеген жерлерде журналист болып қызмет атқардым. Біршама тілшілермен таныстым. Ахаң атындағы қара шаңырақтың журналистерді мықты дайындайтынына сол кезде ғана көзім жетті. Себебі бізде болған мүмкіндік, жасалған жағдай көпшілікте болмапты. Ұстаздарымыз да тыңғылықты дайындап жіберіпті. Мәселен, өзімізде арнайы сту-

дия болды деген бірде-бір тілшіні кезіктірмедім. Бұл деген үлкен мүмкіндік. Оны пайдаланып, үлкен өмірге дайындалып, шыңдала беру қажет.

-Сіз үшін мүмкін емес нәрсе бар ма? Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

- Мен Алла Тағаладан адамдарға біліп, білмей киянат жасаудан сақта деп сұраймын. Себебі, біз ненің теріс, ненің түзу екенін білмейміз. Жалпы, принципім тура жолмен жүріп, кішкентай ғана дүние істесем де, журналистикада жүргендіктен осы саланың дамуына үлес қосу. Өзім менгерген аз да болса білімді басқа жандарға үйретсем деймін. Ең басты мақсатым – адам боп келген соң, адам болып қалу.

-Сіз үшін сұхбат жанрының құдіреті неде?

-Сұхбаттың құдіреті – сұрақ қоя білуде. Егер журналист сұрақ қоя білмесе, ол өзіне қажет ақпаратты ешқашан ала алмайды. Қойып отырған сұрағыңа, сұхбатыңа байланысты бағдарламаң өтімді болады. Сұхбатты эмоционалды түрде өткізген жөн. Жасандылықтың қажеті жоқ. Жалпы теледидарда жасанды дауысты жасап алуға қарсымын. Адам өмірде қандай, сондай болғаны дұрыс деп ойлаймын. Халық менімен кездескенде: «Сен сондай қарапайым жүргізесің, сенде жасандылық жоқ», - деп айтады. Қашан да камераның алдында жүрегімде не жатыр, соны айтып жеткіземін. Керемет ой айтайын немесе әдемі сөз айтуым керек деп талпынған емеспін. Жасандылықтан жаныңызды аулақ ұстағаныңыз абзал. Сонда ғана көрермен сізді және бағдарламаңызды табиғаты үшін шынайы сүйіп көретін болады.